

Жаңаөзен қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14/113 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 4683-12 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 34/303 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 17.12.2025 № 34/303 шешімімен (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңаөзен қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 3 пайызға дейін төмендетілсін.
2. "Жаңаөзен қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 9/80 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4648-12 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Жаңаөзен қалалық мәслихатының төрағасы

Г. Байжанов